

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»**

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

2021ж.05.03. №04-3-03/445

**Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаттары,
«Nur Otan» фракциясының мүшелері
А.М. Жамаловқа
Г.А. Нұрымоваға**

*17.02.2021ж. №ДЗ-55
депутаттық сауалға*

Құрметті Аманжан Мәкәрімұлы!

Құрметті Гүлдара Алданышқызы!

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және даму агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) азаматтардың өз зейнетақы жинақтарын пайдалануы жөніндегі нормаларын іске асыруға қатысты Сіздің депутаттық сауалыңызға мыналарды хабарлайды.

Азаматтардың өз зейнетақы жинақтарының бір бөлігін жеке сенімгерлік басқаруға беру мүмкіндігін беру бөлігінде Заңды іске асыру шеңберінде Агенттік ағымдағы жылғы қаңтар-ақпан айларында жеке басқарушы компаниялардың зейнетақы активтерін басқару жүйесін жаңадан құрды, сондай-ақ Агенттік Басқармасының 10 қаулысы әзірленді және қабылданды:

1) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік

басқару туралы шарттың үлгі нысанын бекіту туралы» 2021 жылғы 9 ақпандағы № 15 қаулы;

2) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, инвестициялық портфельді басқарушы және кастодиан-банк арасында жасалған кастодиандық шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» 2021 жылғы 9 ақпандағы № 17 қаулы;

3) «Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» 2021 жылғы 11 ақпандағы № 21 қаулы;

4) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақыны өндіріп алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 185 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2021 жылғы 12 ақпандағы № 25 қаулы;

5) «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 12 ақпандағы № 26 қаулы;

6) «Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2021 жылғы 12 ақпандағы № 27 қаулы;

7) «Зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін инвестициялық портфельді басқарушыға қойылатын талаптарды, сондай-ақ осы зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту және «Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 15 ақпандағы № 29 қаулы;

8) «Инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы есептеу қағидаларын, сондай-ақ Инвестициялық портфельді басқарушының теріс айырманы меншікті капиталы есебінен өтеу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» 2021 жылғы 15 ақпандағы № 30 қаулы;

9) «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2021 жылғы 15 ақпандағы № 31 қаулы;

10) «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне жинақтаушы зейнетақы жүйесін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2021 жылғы 15 ақпандағы № 33 қаулы.

Зейнетақы активтерін басқарушы компанияларға беру мәселесінің жеке бизнестің мүдделеріне қатысты болғандықтан, осы нормативтік құқықтық актілер Қазақстанның қаржыгерлері қауымдастығының және Қазақстан Республикасының «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының алаңдарында жұртшылықпен ауқымды талқылаудан өтті, содай-ақ «БЖЗҚ-пен, Ұлттық Банкпен және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келісілді.

Сондай-ақ, зейнетақы активтерін жеке басқаруға беруге техникалық дайындық бойынша жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, БЖЗҚ қысқа мерзімде бағдарламалық-техникалық қамтылымды, зейнетақы активтерін есепке алу және бағалау жүйесін, меншікті интернет-ресурсын пысықтады. Зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыруды жоспарлап отырған басқарушы компаниялар БЖЗҚ-мен бірлесіп өзара іс-қимыл, ақпарат алмасу және зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару және кастодиандық қызмет көрсету шарттарын жасау мәселесі пысықталды.

Ағымдағы жылғы 16 ақпанда Агенттік зейнетақы активтерін басқару талаптарына сәйкес келетін Инвестициялық портфельді басқарушылардың тізілімін қалыптастырды және Агенттіктің интернет-ресурсында орналастырылды. Тізілімге 6 компания кірді: «First Heartland Jysan Invest» АҚ, «BCC Invest» АҚ – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы, «Halyk Global Markets» АҚ, «Halyk Finance» Қазақстан Халық Банкі ЕҰ» АҚ, «First Heartland Capital» АҚ, «Сентрас Секьюритиз» АҚ.

Ағымдағы жылғы 18 және 19 ақпанда «Halyk Global Markets» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «First Heartland Jysan Invest» АҚ БЖЗҚ-мен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттар жасасты. Олар туралы ақпарат және олардың инвестициялық декларациялары БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында жарияланды.

18 ақпаннан бастап БЖЗҚ салымшылардан зейнетақы жинақтарының бір бөлігін жеке басқарушы компанияларға беруге өтініштер қабылдауды бастады.

Бұдан басқа, Агенттік басқарушы компаниялармен бірлесіп, 2021 жылдың басынан бастап зейнетақы активтерін жеке басқаруға беруге байланысты мәселелерді ақпараттық қызмет көрсету бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Агенттік бұқаралық ақпарат құралдарында 2020 жылғы 28 желтоқсан мен 2021 жылғы 28 ақпан аралығында жеке басқаруға зейнетақы жинақтарын беру мәселелері бойынша 50-ден астам ақпараттық материалдарды, оның ішінде мақалаларды, түсініктемелерді, сұхбаттарды, жиі қойылатын сұрақтарға

жауаптарды орналастырды, сондай-ақ осы тақырып бойынша үш брифинг өткізді.

Басқарушы компаниялар мен тәуелсіз сарапшылар да клиенттердің активтерін басқару мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізуде. Олар активтерді басқару тақырыбында 20-дан астам материалдар орналастырды. 2021 жыл бойы бұл жұмыс жалғасатын болады. БАҚ-та түсіндіру материалдарымен 1 млн-нан астам адамды қамту жоспарлануда.

Осылайша, бүгінгі күні азаматтардың өздерінің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін жеке басқарушы компанияларға сенімгерлік басқаруға беру құқығын іске асыру үшін барлық қажетті құқықтық және техникалық жағдайлар жасалған.

Төраға

М. Әбілқасымова

Орындаушы: F. Габбасова, тел.: +7(727)237 12 16

Galiya.Gabbassova@finreg.kz

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

05.03.2021г. №04-3-03/445



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»**

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

**Депутатам Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
членам фракции «Nur Otan»
Жамалову А.М.
Нурумовой Г.А.**

*На Депутатский запрос
от 17.02.2021г. №ДЗ-55*

Уважаемый Аманжан Макаримович!

Уважаемая Гульдара Алданышевна!

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка (далее – Агентство) на Ваш депутатский запрос касательно реализации норм Закона Республики Казахстан от 2 января 2021 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам восстановления экономического роста» (далее – Закон) по использованию гражданами своих пенсионных накоплений сообщает следующее.

В рамках реализации Закона в части предоставления возможности передачи гражданами части своих пенсионных накоплений в частное доверительное управление Агентством за январь-февраль текущего года с «чистого листа» выстроена система управления пенсионными активами частными управляющими компаниями, а также разработаны и приняты 10 постановлений Правления Агентства:

11) от 9 февраля 2021 года № 15 «Об утверждении Типовой формы договора о доверительном управлении пенсионными активами, заключенного между единым накопительным пенсионным фондом и управляющим инвестиционным портфелем»;

12) от 9 февраля 2021 года № 17 «Об утверждении Типовой формы кастодиального договора, заключенного между единым накопительным пенсионным фондом, управляющим инвестиционным портфелем и банком-кастодианом»;

13) от 11 февраля 2021 года № 21 «Об утверждении Правил и сроков передачи пенсионных активов единого накопительного пенсионного фонда в доверительное управление управляющему инвестиционным портфелем и передачи пенсионных активов от одного управляющего инвестиционным портфелем к другому управляющему инвестиционным портфелем или Национальному Банку Республики Казахстан»;

14) от 12 февраля 2021 года № 25 «О внесении изменения в постановление Правления Национального Банка Республики Казахстан от 26 июля 2013 года № 185 «Об утверждении Правил взимания комиссионного вознаграждения единым накопительным пенсионным фондом»;

15) от 12 февраля 2021 года № 26 «О внесении изменений и дополнений в некоторые нормативные правовые акты Республики Казахстан по вопросам рынка ценных бумаг»;

16) от 12 февраля 2021 года № 27 «Об утверждении Правил ведения учета пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов и добровольных пенсионных взносов на индивидуальных пенсионных счетах вкладчиков (получателей)»;

17) от 15 февраля 2021 года № 29 «Об утверждении Требований к управляющим инвестиционным портфелем, которым могут быть переданы в доверительное управление пенсионные активы, а также перечня финансовых инструментов, разрешенных к приобретению за счет данных пенсионных активов, и внесении изменений и дополнений в постановление Правления Национального Банка Республики Казахстан от 3 февраля 2014 года № 10 «Об утверждении Правил осуществления деятельности по управлению инвестиционным портфелем»;

18) от 15 февраля 2021 года № 30 «Об утверждении Правил расчета отрицательной разницы между номинальной доходностью пенсионных активов, полученной управляющим инвестиционным портфелем, и минимальным значением доходности пенсионных активов, а также Правил и сроков

возмещения отрицательной разницы управляющим инвестиционным портфелем за счет собственного капитала»;

19) от 15 февраля 2021 года № 31 «О внесении изменений и дополнения в некоторые нормативные правовые акты Республики Казахстан по вопросам регулирования финансового рынка»;

20) от 17 февраля 2021 года № 33 «О внесении изменений и дополнения в некоторые нормативные правовые акты Республики Казахстан по вопросам регулирования накопительной пенсионной системы».

Поскольку вопрос передачи пенсионных активов управляющим компаниям затрагивает интересы частного бизнеса данные нормативные правовые акты прошли широкое обсуждение с общественностью на площадках Ассоциации финансистов Казахстана и Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен», а также были согласованы с ЕНПФ, Национальным Банком и Министерством юстиции Республики Казахстан.

Одновременно, проводилась работа по технической подготовке передачи пенсионных активов в частное управление. В частности, за короткий срок ЕНПФ были доработаны программно-техническое обеспечение, система учета и оценки пенсионных активов, собственный интернет-ресурс. Управляющими компаниями, планировавшими осуществлять управление пенсионными активами, совместно с ЕНПФ были отработаны вопросы взаимодействия, обмена информацией и заключения договоров на доверительное управление пенсионными активами и на кастодиальное обслуживание.

16 февраля текущего года Агентством сформирован Реестр управляющих инвестиционным портфелем, соответствующих требованиям для управления пенсионными активами, и размещен на интернет-ресурсе Агентства. В Реестр вошли 6 компаний: АО «First Heartland Jysan Invest», АО «BCC Invest» - дочерняя организация АО «Банк ЦентрКредит», АО «Halyk Global Markets», АО «ДО Народного Банка Казахстана «Halyk Finance», АО «First Heartland Capital», АО «Сентрас Секьюритиз».

18 и 19 февраля текущего года АО «Halyk Global Markets», АО «BCC Invest», АО «First Heartland Jysan Invest» заключили договоры с ЕНПФ о доверительном управлении пенсионными активами. Информация о них и их инвестиционные декларации опубликованы на интернет-ресурсе ЕНПФ.

С 18 февраля ЕНПФ начал прием заявлений от вкладчиков на передачу части пенсионных накоплений в частные управляющие компании.

Кроме того, Агентством совместно с управляющими компаниями с начала 2021 года активно ведется работа по информационному сопровождению вопросов, связанных с передачей пенсионных активов в частное управление.

В средствах массовой информации Агентством за период с 28 декабря 2020 года по 28 февраля 2021 года размещено более 50 информационных материалов по вопросам передачи пенсионных накоплений в частное управление, включая статьи, комментарии, интервью, ответы на часто задаваемые вопросы, а также проведено три брифинга по данной теме.

Управляющими компаниями и независимыми экспертами также активно проводится разъяснительная работа по вопросам управления активами клиентов. Ими размещено более 20 материалов на тему управления активами. В течение 2021 года данная работа будет продолжена. Разъяснительными материалами в СМИ планируется охватить более 1 млн. человек.

Таким образом, на сегодняшний день созданы все необходимые правовые и технические условия для реализации гражданами права на передачу части своих пенсионных накоплений в доверительное управление частным управляющим компаниям.

Председатель

М. Абылкасымова

Исполнитель: Г.Габбасова, тел.: +7(727)237 12 16
Galiya.Gabbassova@finreg.kz